Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістігі туралы әңгімелесу, ата-аналардың бала тәрбиесі мен дамуына қатысты сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: № 35«Балақай» бөбекжай-бақшасы

Топ:«Балақай» ортаңғы тобы

Балалардың жасы:3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: Желтоқсан айы, V-апта 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 26.12.2022	Сейсенбі 27.12.2022	Сәрсенбі 28.12.2022	Бейсенбі 29.12.2022	Жұма 30.12.2022
Балаларды қабылдау	Кітап бұрышына саяхат. Мақсаты: Сөздік қорды заттарды жалпы және ерекше белгілері бойынша жаңа сөздермен байыту. (сөйлеуді дамыту-коммуникативтік дағдыларын дамыту)	Балалармен әңгімелесу. Мақсаты: Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. (Қоршаған ортамен таныстыру әлуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)	Дидактикалық ойын: «Түстеріне қарай топтастыр» Мақсаты: Өртүрлі ойындарды өзбетінше ойнауға үйрету. (Қоршаған ортамен таныстыру әлуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)	Ойын жаттығу: «Бұл қай кейіпкер?» Мақсаты: Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану (сөйлеуді дамыту-коммуникативтік дағдыларын дамыту)	Үстел үсті ойыны «Қай сурет артық?» Мақсаты: Дауысты (о) және дауыссыз (к-қ) дыбыстарды анық айту. (сөйлеуді дамыту-коммуникативтік дағдыларды дамыту)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналарға күн тәртібін сақтау туралы;	Ауа-райына байланысты балалардың киімдерін қадағалауды ұсыну:	Баланың қауіпсіздігі туралы айту.Баламен көп сөйлесу.	Үйде балаларға өлең шумақтарыды қайталау.	Демалыс күндері қараусыз қалдырмауды тапсыру
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Дидактикалық ойын: «Түрлі-түсті пішіндер» Мақсаты: Үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыруды жалғастыру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту.Ән айту дағдыларын дамыту. (математика	Дидактикалық ойын: «Пішіндер» Мақсаты: Бірдей заттарды салыстыру. Сурет салу кезінде қарындашты дұрыс ұстауды үйретуді жалғастыру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту. (математика негіздері, сурет салу, жапсыру-	Дидактикалық ойын «Кеселер» Мақсаты: Бірдей шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу. Сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту. Кесектерді жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу(ыдыстар). (математика негіздері,сөйлеуді дамыту, мүсіндеу-	Дидактикалық ойын:«Шаңсорғыш» Мақсаты: Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық заттардың атауларын айт және түсіну дағдыларын қалыптастыру.Ересектер мен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға баулу. Өзіне	Дидактикалық ойын:«Үлкен-кіші тәрелкелер» Мақсаты: Бірдей заттарды салыстыру, үлкен-кіші сөздерімен белгілеу. Тұрмыстық заттармен таныстыру. Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты),қарқыны (жылдам-баяу) байқау (математика негіздері,

	негіздері, жапсыру, музыка****- танымдық,шығармашылық дағдыларын дамыту)	танымдық шығармашылық, дағдыларды дамыту)	танымдық,коммуникативтік,шығармашылық дағдыларыды дамыту.)	қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде -астында (қазақ тілі***,көркем әдебиет, математика негіздері- танымдық,коммуникативтік дағдыларды дамыту.)	жапсыру, музыка ****- танымдық-шығармашылық дағдыларын дамыту)
Таңертеңгі жаттығу	<p>Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені №4 (тәрбиешінің нұсқауы бойынша)(физикалық қасиеттерін дамыту)</p> <p>Жүру,жай жүру,қолды белге қойып,аяқтың ұшымен жүру,жүгіру,әртүрлі бағытта жүгіру, жүру, шеңбер болып тұру</p> <p>Жан-жақты дамыту жаттығулар:</p> <p>1.Б.қ.аяқтың арасы ашық,қол төменде 1-қолды алға созу 2-қолды айқастыру,3-б.қ оралу 4-5 рет қайталау.</p> <p>2.Б.қ.аяқтың арасы ашық қол төменде 1-қолды жоғары көтеріп,2-оңға қарай сермеу,3-солға қарай сермеу,4-б.қ оралу 4-5 рет қайталау.</p> <p>3.Б.қ. аяқтың арасы ашық,қол төменде 1-отыру,2-орнынан тұрып,қолды жоғары көтеру,3-б.қ оралу 4-5 рет қайталау.</p> <p>4.Б.қ аяқты алмастырып секіру 7-8 секунд</p> <p>Еркін тыныс алу жаттығулары.</p>				
Таңғы ас	<p>Үстел басындағы мәдениетті қарапайым дағдыларын қалыптастыру нанды үгітпеу,тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей,үстел басында дұрыс отыру.</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>Қимылдық ойын.</p> <p>«Орындық»Мақсаты: Жиһаздарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу,қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық заттардың атауларын атау және түсіну. Заттарды салыстыра отырып,сұрақтарға жауап беру.Қылқаламды қатты қыспай,дұрыс ұстауды үйретуді</p>	<p>Дидактикалық ойын:</p> <p>«Көлемі қандай?»</p> <p>Мақсаты:Заттарды қарастыраотырып,сұрақтарға жауап беруге баулу. Кесектерді алақанның арасында домалату. Жалпылаушы сөздермен сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.</p> <p>(қазақ тілі***мүсіндеу,сөйлеуді дамыту- коммуникативтік дағдыларды дамыту,шығармашылық</p>	<p>Дидактикалық ойын:</p> <p>«Ормандағы аңдар»</p> <p>Мақсаты: Көрнекілікпен өзіне айтылған сөзді тыңдау. Қызыл,сары негізгі түстерді қолдану. Музыкалық шығармалармен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту.</p> <p>(қазақ тілі***,сурет салу,музыка****.- коммуникативтік ,шығармашылық дағдыларын дамыту)</p>	<p>Еркін ойын</p> <p>Мақсаты: Әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету. Тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру.</p> <p>(қоршаған ортаментаныстыру,сурет салу-элеуметтік эмоционалды,шығармашылықдағдыларын дамыту)</p>	<p>Дидак/ ойын: «Біз қайда барамыз?»</p> <p>Мақсаты : Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру. Сурет салу кезінде қылқаламды қатты қыспай ,дұрыс ұстауды үйретуді жалғастыру.Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданатын тұрмыстық заттардың атауларын айту.</p>

	жалғастыру.(қоршаған ортамен таныстыру, қазақ тілі***, сурет салу -әлеуметтік эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру)	қдағдыларын дамыту)			(қоршаған ортамен таныстыру,сурет салу,қазақ тілі*** - әлеуметтік – эмоционалды,шығармашылық, коммуникативтік дағдыларын дамыту)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет		<p>Дене шынықтыру ЖДЖ Қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау; аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен) үйрету НҚЖ: Сапта бір- бірден, екеуден (жұппен) жүру. Қимылды ойын: «Қоян мен қасқыр» Мақсаты: қимылдарды үйлестіруге баулу.</p>	<p>Қазақ тілі «Қыс қызығы» Мақсаты:Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және етістік) үйрету.</p>	<p>Дене шынықтыру ЖДЖ Қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау; аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен) үйрету НҚЖ: Қырлы тақтайдың бойымен жүру; Қимылды ойын: «Өз орныңды тап» Мақсаты: «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету.</p> <p>Музыка Музыка тыңдау. “Аппак қарлар(Б.Бейсенова)) Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу) байқау.Дауыс жаттықтыру: “Қоңырау” Ән айту: «Аяз ата» Ө.Байділдаев, Н.Айтов. “Жаңа жыл” (Н.Оразбаева) Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре</p>	<p>Дене шынықтыру ЖДЖ 1. Қолдарын қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату; шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше; тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеруге жаттықтыру. НҚЖ: Еденге қойылған заттардан аттап жүру. Қимылды ойын: «Мысық пен тышқан» Мақсаты:қарапайым ережелерді сақтауға баулу.</p>

				<p>(ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. «Аққаланы жылдам киіндір» Г.Абдрахманова.Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.</p> <p>Музыкалық аспаптарында ойнау.Балаларға арналған музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. “Гномдар”</p>	
2-таңғы ас	Адамдардың денсаулығына пайдалы көкөністерді, жемістер, сүт өнімдері туралы түсініктерді қалыптастыру.				
Серуенге дайындық	Өз бетінше киіну, киімдерін жинау, ілу өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. (сөйлеуді дамыту, өзіне өзі қызмет көрсету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	<p>1 Көлік құралдарының түрлерін бақылау. Мақсаты: жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.</p>	<p>1 Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқату. Мақсаты: балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру</p> <p>2 Еңбек.</p>	<p>1. Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Ауа-райының жағдайын анықтау. (Қоршаған ортамен таныстыру әлеуметтік эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру)</p> <p>2. Еңбек: Түрлі балалар</p>	<p>1. Қарды бақылау. Мақсаты: Қыс мезгілдегі ауа-райының жағдайын анықтау. (Қоршаған ортамен таныстыру-әлеуметтік эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру)</p>	<p>1. Суық желді бақылау. Мақсаты: Табиғаттағы қауіпсіз мінез-құлқ ережелерін сақтау. (Қоршаған ортамен таныстыру әлеуметтік эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру)</p>

	<p>2 Еңбек. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мақсаты:Балаларды тазалыққа,еңбекқорлыққа тәрбиелеу. (еңбекке баулу) Қимылды ойын «Кім шапшаң?» Мақсаты: қимылдарды үйлестіруге үйрету.(дене шынықтыру**) Жеке жұмыс Ересектермен бірге дене жаттығуларын орындауын дағдыландыру Еркін ойын Тәрбиешінің нұсқауымен ойындар ойнату.</p>	<p>Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мақсаты: Балаларды тазалыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. (еңбекке баулу) Қимылды ойын «Аттап өт» Мақсаты: қимылдарды белсенді орындауды дамыту.(дене шынықтыру**) Жеке жұмыс: <i>Қысқа сөйлемдерден неғұрлым күрделі сөйлемдерге ауыса білуін қадағалау;</i> Еркін ойын Тәрбиешінің нұсқауымен ойындар ойнату.</p>	<p>әрекетіне қажетті матеиралдарды қолданып болған соң жинауға баулу. Мақсаты:Балаларды тазалыққа еңбекқорлыққа тәрбиелеу. (еңбеке баулу) 3.қимылды ойын: Шанамен сырғанау. Мақсаты:Шанамен бір бірін сырғанату;биік емес төбеден сырғанау. (Дене шынықтыру**) 4. Жеке жұмыс: «Нешеу?» Мақсаты:Алып шыққан ойыншықтармен жеке және топтық ойын «нешеу болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарын қою арқылы санау, салыстыру дағдыларын дамыту. 5.Еркін ойындар: Балаларды еркін ойын кезінде тәрбиешінің қадағалауымен ойнау.</p>	<p>2.Еңбек:Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. Мақсаты:Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын қарауды қалыптастыру. (еңбекке баулу) 3. Қимылды ойын: «Кім жылдам» Мақсаты: Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін дамыту. (Дене шынықтыру **) 4.Жеке жұмыс: Аруназға апта күндерін айтқызу. Өзінің ойын ашық толық жеткізу. 5.Еркін ойындар: Балаларды еркін ойын кезінде тәрбиешінің қадағалауымен ойнау.</p>	<p>2.Еңбек:Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге көмек көрсетуді ұйымдастыру.Мақсаты:Балаларды тазалыққа,еңбекқорлыққа тәрбиелеу. (еңбекке баулу) 3.Қимылды ойын: «Өз орныңды тап » Мақсаты:өрмелеу,еңбекте у дағдыларын, ептілікті жылдамдықты дамыту (Дене шынықтыру **) 4. Жеке жұмыс: Сурет бойынша әңгіме құрастыруға дағдыландыру,сөздік қорларын дамыту. 5.Еркін ойындар: Балаларды еркін ойын кезінде тәрбиешінің қадағалауымен ойнау.</p>
Серуеннен оралу	Өз бетінше киіну,киімдерін жинау,ілу өзінің сыртқы келбетін қадағалау әдетке айналдыруға баулу(сөйлемді дамыту,өзін өзі қызымет ету дағдылары) ересектердің дауысына ілесе отырып,бірге әнайту. (музыка****)				
Түскі ас	Балаларды ұқыптылыққа,тазалыққа баулу. Тамақтану алдында қолын жууға дағдыландыру.Қол орамалдарын пайдалана білуге үйрету.Тамақтану әдебін сақтауға үйрету.				
Күндізгі ұйқы	Өз бетінше киіну мен шешіну,киімдерін жинау,ілу.(өзін өзі қызымет ету дағдылары) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін ертегі оқып беру «Үш аю» Мақсаты : кейіпкерлеріне жанашырлық тантуға тәрбиелеу. (көркем әдебиет коммуникативтік дағдыларды дамыту)				
Біртіндепұйқыдан ояту, сауықтырушаралары	Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып,шынықтыру шараларын жүргізу жаттығулары мен массаж жасау.				
Бесін ас	Тамақтанар алдында дәретханаға барғанан кейін,қолдарын жууға дағдыландыру.Тамақтану әдебінсақтауғаүйрету.				

<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Сюжеттік ойын: «Шаштараз» Мақсаты: Ересектермен бірге ертегілерді қарапайым көріністерді ойнауға баулу. Кесектерді домалату тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу. Өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру. (көркем әдебиет, мүсіндеу, құрастыру-коммуникативтік, шығармашылық дағдыларын дамыту)</p>	<p>Вариативтік компонент. «Ертегі бізде қонақта» Тақырыбы: «Маша мен аю» (қуыршақ театры) Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерінің адамгершілік қасиеттерін бағалау, қабілеттерін қалыптастыру, тапқырлыққа, ақылдылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Сюжеттік ойын: «Құрылысшы» Мақсаты: Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға баулу. Өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру. Заттардың пішіні туралы білімді бекіту. (көркем әдебиет, құрастыру, жапсыру-коммуникативтік, шығармашылық дағдыларды дамыту)</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Заттарды салыстыр» Мақсаты: Бірдей заттарды салыстыру. Құрастырылған құрылысты сызбаларға орналастыру. Кесектерді есу арқылы заттарды мүсіндеу. (математика негіздері, құрастыру, мүсіндеу-танымдық, шығармашылық дағдыларды дамыту).</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Менің үйім» Мақсаты: Бірдей заттарды салыстыру. Дайын пішіндерді реттілікпен орналастыру. Өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру. Әннің сипатын жеткізу (көңілді, созыңқы, ойнақы айту) (математика негіздері, жапсыру, құрастыру, музыка***-танымдық, шығармашылық дағдыларды дамыту)</p>	<p>Үстел үсті ойыны «Ертегі еліне саяхат» Мақсаты: Ертегілерді ойнауға баулу. Кесектерді есу арқылы заттарды мүсіндеу. Тақтайшаларды тігінен қатарға орналастыру. (Көркем әдебиет, мүсіндеу, құрастыру-коммуникативтік, шығармашылық дағдыларды дамыту.)</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Төрегелдіге бастапқы техникалық дағдыларды білуін және қолдануын, қағаз бетіне симметриялық пішіндерді салуын қадағалау.</p>	<p>Батырханға пішіні, түсі, көлемі, қолданғысы бойынша заттарды топтастыруды және танудайды үйрету.</p>	<p>Анисаға музыкалық аспаптарды атауды (сылдырмақ, барабан, домбыра) үйрету.</p>	<p>Ілиясқа белсенді сөздікте барлық сөз таптарын қолдануды үйрету.</p>	<p>Айзереге қысқа сөйлемдерден неғұрлым күрделі сөйлемдерге ауысуын қадағалау.</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Өз бетінше киіну, киімдерін жинау, ілу өзінің сыртқы келбетін қадағалау әдетке айналдыруға баулу (сөйлемді дамыту, өзін өзі қызымет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</p>				

<p>Серуен</p>	<p>Көлік құралдарын бақылауды жалғастыру. Мақсаты: жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру. (Қоршаған ортамен таныстыру әлеуметтік эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру) Қимылды ойын «Кім шапшаң?» Мақсаты: қимылдарды үйлестіруге үйрету. (дене шынықтыру**)</p>	<p>1Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқату Мақсаты: балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру (Қоршаған ортамен таныстыру әлеуметтік эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру) Қимылды ойын «Аттап өт» Мақсаты: қимылдарды белсенді орындауды дамыту. (дене шынықтыру**)</p>	<p>1.Ауарайын бақылау. Мақсаты: Ауа-райының жағдайын анықтау. (Қоршаған ортамен таныстыру әлеуметтік эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру) Қимылды ойын: «Кі шапшаң?» Мақсаты:балаларға қарапайым ережелерді сақтауға,(жүгіру), белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету. (Дене шынықтыру**)</p>	<p>1.Қарды бақылау. Мақсаты: Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін дамыту. (Қоршаған ортамен таныстыру әлеуметтік эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру) Қимылды ойын: «Қуып жет» Мақсаты :қимылды ойындарға балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, баулу. (Дене шынықтыру **)</p>	<p>1.Суық желді бақылау. Мақсаты: Табиғаттағы қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау. (Қоршаған ортамен таныстыру әлеуметтік эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру) Қимылды ойын: «Кім мықты?» Мақсаты:қимылдарды орындауда балалардың дербестігін,белсенділігі мен шығармашылығын дамыту (Дене шынықтыру **)</p>
<p>Серуеннен оралу</p>	<p>Өз бетінше киіну мен шешіну,киімдерін жинау,ілу.(өзін өзі қызымет ету дағдылары,ірі және ұсақ маториканы дамыту)</p>				
<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел - үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Тақырыбы: «Машина» Мақсаты: Өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру. (құрастыру-шығармашылық дағдыларын дамыту)</p>	<p>Тақырыбы:«Менің үйім» Мақсаты:Қарапайым сызбаларға суретті орналастыру. Қарындашты дұрыс ұстауды үйрету. (құрастыру,сурет салу-шығармашылық дағдыларын дамыту)</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Кеме» Мақсаты: Бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолдану. (құрастыру-шығармашылық дағдыларын дамыту)</p>	<p>Суреттер қарау Мақсаты:Қылқаламды қатты қыспай қағаз параңына суретті орналастыру. (сурет салу-шығармашылық дағдыларын дамыту)</p>	<p>Кітаптар қарау. Мақсаты : Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану. (сөйлеуді дамыту-коммуникативтік дағдыларын дамыту)</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы</p>	<p>Балалардың бүгінгі көңіл-күйі мен жетістіктері туралы әңгімелесу.</p>				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: № 35«Балақай» бөбекжай-бақшасы

Топ:«Балақай» ортаңғы тобы

Балалардың жасы:3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: Қаңтар айы, I апта 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 02.01.2023	Сейсенбі 03.01.2023	Сәрсенбі 04.01.2023	Бейсенбі 05.01.2023	Жұма 06.01.2023
Балаларды қабылдау			Кітап бұрышындағы ертегі: Мақсаты: Шығармашылық кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. (Көркем әдебиет коммуникативтік дағдыларды дамыту)	Сурет кітаптарын қарау Мақсаты: Суреттерді қарастыруда өз ойын айтуға үйрету. (Сөйлеуді дамыту коммуникативтік дағдыларды дамыту)	«Қуыршақтың көйлегі» Мақсаты: Бір заттың суретін салуда қызғылт. Көгілдір,сұр қолдануға үйрету. (Сурет салу шығармашылық дағдыларды дамыту.)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру			Баланың қауіпсіздігі туралы айту.Баламен көп сөйлесу.	Үйде балаларға өлең шумақтарыды қайталату.	Демалыс күндері қараусыз қалдырмауды тапсыру
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)			Дидактикалық ойын: «Үй жануарлары» Мақсаты: Сөздік қорды жалпы үй жануарлары бойынша жалпылаушы сөздермен байыту,бірнеше бөліктерді созу,қысу біріктіру арқылы жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру, (сөйлеуді дамыту,мүсіндеу коммуникативтік, шығармашылық	Дидактикалық ойын : «Жеті лақ ертегісі» Мақсаты : Ересектермен бірге ертегілерді,ойнауға баулу. Таныс ертегілерді өздігінен қайталап айтуғабаулу. (Көркем әдебиет , қазақ тілі*** коммуникативтік дағдыларды дамыту)	Табиғат бұрышына саяхат Мақсаты : Тірі табиғат нысандарын бақылау кезінде өз ойын айтуға үйрету.өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыруды жалғастыру..бірнеше бөліктерді созу, арқылы өсімдіктерді мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.

			дағдыларды дамыту)		(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, мүсіндеу. коммуникативтік, әлеуметтік, эмоционалдық, шығармашылық дағдыларды дамыту)
Таңертеңгі жаттығу	<p>Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені №5 (тәрбиешінің нұсқауы бойынша)(физикалық қасиеттерін дамыту) Жүру, жай жүру, қолды белге қойып, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру, әртүрлі бағыта жүру, жүгіру, шеңбер болып тұру.</p> <p>1. Б. қ. аяқтың арасы ашық, қол төменде 1. Қолды алға созу 2-қолды айқастыру, 3-б. қ. оралу 4-5 рет қайталау 2. Б. қ. аяқтың арасы ашық қол төменде 1. Қолды жоғары көтеріп, 2-оңға қарай сермеу, 3-солға қарай сермеу 4-б. қ. оралу рет қайталау 3. Б. қ. аяқтың арасы ашық, қол төменде 1-отыру, 2-орнынан тұрып, қолды жоғары көтеру, 3-б. қ. оралу 4-5 рет қайталау 4. Б. қ. аяқты алмастыру секіру 7-8 секунд</p> <p>Еркін тыныс алу жаттығулары Құралсыз (қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті)</p>				
Таңғы ас	<p>Үстел басындағы мәдениетті қарапайым дағдыларын қалыптастыру нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру.</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық			<p>Дидактикалық ойын: «Ойыншықтар» Мақсаты: Ойыншықтарды ұқыптылықпен қарауға қарауға тәрбиелеу, түрлі заттардың суретін салуда көгілдір, қызғылт түстерді қолдануды үйрету. (қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, әлеуметтік эмоционалды, шығармашылық дағдыларды дамыту)</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Үй жануарының төлдері» Мақсаты: Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Берілген тапсырма бойынша қағазға жапсыру, бір заттың суретін салуда қара, ақ негізгі түстер мен қолдануды үйрету. (қоршаған ортамен таныстыру, жапсыру, сурет салу, музыка әлеуметтік эмоционалды, шығармашылық дағдыларды дамыту)</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Пішіні бойынша тап» Мақсаты: Бірдей заттарды салыстыру, биіктігі бойынша биік аласа, бірдей, үлкен кіші сөздермен белгілеу. қағаз бетіне көлемі, пішіні бойынша дайын пішіндерді реттілікпен пайда болған бейнені қағазға жапсыру. (математика негіздері, жапсыру, танымдық, шығармашылық)</p>

<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>			<p>Қазақ тілі «Төрт түлікті ата» Мақсаты:жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларн дамыту</p>	<p>Дене шынықтыру ЖДЖ 1. Қолдарын қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату; шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше; тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеруге жаттықтыру. НҚЖ: 1. Тепе-теңдік сақтай отырып жүру «Жыланша» заттарды айналып жүру. Саты бойымен өрмелеу. Қимылды ойын: «Қар лақтыру» Мақсаты: Қимылдарды үйлестіруге баулу.</p> <p>Музыка Музыка тыңдау. “Бұл қай кезде болады”Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Дауыс жаттықтыру: “Ду-ду, ля-ля,лю-лю” Ән айту: «Қар жауып тұр далада» Ә.Қонысбеков, Ұ.Қонысбеков.Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып,</p>	<p>дағдыларды дамыту) Дене шынықтыру ЖДЖ 1. Қолдарын қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату; шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше; тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеруге жаттықтыру. НҚЖ: 1. Тепе-теңдік сақтай отырып жүру «Жыланша» заттарды айналып жүру. Саты бойымен өрмелеу. Қимылды ойын: «Мысық пен тышқан» Мақсаты: Қимылдарды үйлестіруге баулу.</p>
---	--	--	---	--	---

				<p>олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. “Қысқы орман”</p> <p>Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес кимылдарды орындау, кимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би кимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би кимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру</p> <p>Музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруді жалғастыру</p>	
2-таңғы ас	Адамдардың денсаулығына пайдалы көкөністерді, жемістер, сүт өнімдері туралы түсініктерді қалыптастыру.				
Серуенге дайындық	Өз бетінше киіну, киімдерін жинау, ілу өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. (сөйлеуді дамыту, өзіне өзі қызмет көрсету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен			<p>1. Ауарайын бақылау. Мақсаты: Табиғат құбылыстарын бақылау (Қоршаған ортамен таныстыру әлеуметтік эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру) 2. Еңбек: Балаларды ойыншықтарды жинауға тәрбиелеуге баулу.</p>	<p>1. Қарды бақылау. Мақсаты: Қыс мезгіліндегі ауа райының жай күйін бақылау. (Қоршаған ортамен таныстыру әлеуметтік эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру) 2. Еңбек: Ауладағы тазалыққа қарау</p>	<p>1. Суық желді бақылау. Мақсаты: Ауа райының жағдайын анықтау (Қоршаған ортамен таныстыру әлеуметтік эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру) 2. Еңбек: Ойын аланын таза ұстауға, жинауға балаларға қолдау</p>

			<p>Мақсаты:Балаларды тазалыққа еңбекқорлыққа тәрбиелеу, (еңбеке баулу)</p> <p>3.Қимылды ойын: Шанамен сырғанау.</p> <p>Мақсаты:Шанамен бір бірін сырғанату;биік емес төбеден сырғанау. (Дене шынықтыру**)</p> <p>4. Жеке жұмыс: «Қанша болғанын табайық»</p> <p>Мақсаты:Алып шыққан ойыншықтармен жеке және топтық ойын «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарын қою арқылы санау, салыстыру дағдыларын дамыту.</p> <p>5.Еркін ойындар: Балаларды еркін ойын кезінде тәрбиешінің қадағалауымен ойнау.</p>	<p>Мақсаты:Ересектерге көмек көрсету ниетерін қабылдау. (еңбеке баулу)</p> <p>3.Қимылды ойын: «Кім жылдам»</p> <p>Мақсаты: Қимылдарды орындауда балалардың дерьестігін дамыту. (Дене шынықтыру **)</p> <p>4.Жеке жұмыс:Рабияға апта күндерін айтқызу Өзінің ойын ашық толық жеткізу.</p> <p>5.Еркін ойындар:Балаларды еркін ойын кезінде тәрбиешінің қадағалауымен ойнау.</p>	<p>көрсетуге баулу.</p> <p>Мақсаты:Балаларды еңбек етуге деген оң көзқараста тәрбиелеу,берілген тапсырманы жауапкершілікпен қарауға үйрету. (еңбеке баулу)</p> <p>3. Қимылды ойын: «Жұп болып эстафета ойының жүргізу »</p> <p>Мақсаты:өрмелеу,еңбек теу дағдыларын, ептілікті жылдамдықты дамыту (Дене шынықтыру **)</p> <p>4.Жеке жұмыс: Сурет бойынша әнгіме құрастыруға дағдыландыру,сөздік қорларын дамыту.</p> <p>5.Еркін ойындар: Балаларды еркін ойын кезінде тәрбиешінің қадағалауымен ойнау.</p>
Серуеннен оралу	Өз бетінше киіну,киімдерін жинау,ілу өзінің сыртқы келбетін қадағалау әдетке айналдыруға баулу(сөйлемді дамыту,өзін өзі қызымет ету дағдылары) ересектердің дауысына ілесе отырып,бірге әнайту. (музыка****)				
Түскі ас	Балаларды ұқыптылыққа,тазалыққа баулу. Тамақтану алдында қолын жууға дағдыландыру.Қол орамалдарын пайдалана білуге үйрету.Тамақтану әдебін сақтауға үйрету.				
Күндізгі ұйқы	Өз бетінше киіну мен шешіну,киімдерін жинау,ілу.(өзін өзі қызымет ету дағдылары) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін ертегі оқып беру «Мақтақыз бен мысық» Мақсаты :кейіпкерлеріне жанашырлық тантуға тәрбиелеу.(көркем әдебиет коммуникативтік дағдыларды дамыту)				
Біртіндепұйқыдан ояту, сауықтырушаралары	Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып,шынықтыру шараларын жүргізу жаттығулары мен массаж жасау.				
Бесін ас	Тамақтанар алдында дәретханаға барғанан кейін,қолдарын жууға дағдыландыру.Тамақтану әдебінсақтауғаүйрету.				

<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>			<p>Дидактикалық ойын: «Ұяшығына орналастыр» Мақсаты: Үшбұрыш фигурасын таныстыру, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді қағаз бетіне орналастыру, сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. (математика негіздері, жапсыру, құрастыру, танымдық, шығармашылық дағдыларды дамыту)</p>	<p>Вариативтік компонент. «Ертегі бізде қонақта» Тақырыбы: «Қасқыр мен жеті лак» (үстел үсті театры) Мақсаты: Балаларды ертегі кейіпкерлерінің әрекеттерін бағалау, ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру. Дидактикалық ойын: «Заттарды салыстыр» Мақсаты: Заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру. Құрастырған құрлыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату, бірнеше тәсілдерді біріктіру арқылы бөліктерді қалыптастыру. (математика негіздері, құрастыру, мүсіндеу танымдық, шығармашылық дағдыларды дамыту).</p>	<p>Үстел үсті ойыны «Ертегі еліне саяхат» Мақсаты: Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау, ортақ тақырыпта әңгімелесуге сұрақтарға жауап беруге баулу, құрастырған құрылыспен қолданып ойнату. (Көркем әдебиет, қазақ тілі***, құрастыру коммуникативтік, шығармашылық дағдыларды дамыту.)</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>			<p>Төрегелдіге қарама-қарсы тәулік бөліктерін білуге үйрету</p>	<p>Анисаға оң және сол қолымен қашықтыққа, көлденең нысанаға, тік нысанаға заттарды лақтыруға үйрету</p>	<p>Нарұлға қоршаған ортаға қатысты әртүрлі сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Өз бетінше киіну, киімдерін жинау, ілу өзінің сыртқы келбетін қадағалау әдетке айналдыруға баулу (сөйлемді дамыту, өзін-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</p>				

Серуен			<p>1.Ауарайын бақылауды жалғастыру (қайталау, салыстыру) Мақсаты:Табиғат құбылыстарын бақылау (Қоршаған ортамен таныстыру әлеуметтік эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру) 2.Қимылды ойын: «Ортаға түспек» Мақсаты:балаларға қарапайым ережелерді сақтауға,(жүгіру), белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету. (Дене шынықтыру**)</p>	<p>1.Қарды бақылауды жалғастыру. Мақсаты:Қыс мезгіліндегі ауа райының жай күйін бақылау. (Қоршаған ортамен таныстыру әлеуметтік эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру) 2.Қимылды ойын: «Суыққойлар» Мақсаты :қимылды ойындарға балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, баулу. (Дене шынықтыру **)</p>	<p>1.Суық желді бақылауды жалғастыру. Мақсаты: Ауа райының жағдайын анықтау (Қоршаған ортамен таныстыру әлеуметтік эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру) 2.Қимылды ойын: «Біз көңілді баламыз» Мақсаты:қимылдарды орындауда балалардың дербестігін,белсенділігі мен шығармашылығын дамыту .(Дене шынықтыру **)</p>
Серуеннен оралу	Өз бетінше киіну мен шешіну,киімдерін жинау,ілу.(өзін өзі қызымет ету дағдылары,ірі және ұсақ маториканы дамыту)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел -үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)			<p>Дидактикалық ойын: «Көлік» Мақсаты :Құрастырған ойыншықтарды қолданып ойнату. (құрастыру шығармашылық дағдыларын дамыту)</p>	<p>Суретті кітапшамен жұмыс Мақсаты:Суретін салуда қызғылт түсті қолдануды үйрету. (сурет салу шығармашылық дағдыларын дамыту)</p>	<p>Кітаптарды қарату. Мақсаты :қарапайым ертегілерді салдарын таныстыру. (Сөйлеуді дамыту коммуникативтік дағдыларын дамыту)</p>
Балалардың үйге қайтуы	Ата аналар баламен қыс мезгілі туралы әңгімелесуін ұсыну				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: № 35 «Балақай» бөбекжай-бақшасы

Топ: «Балақай» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: Қаңтар айы, II апта 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 09.01.2023	Сейсенбі 10.01.2023	Сәрсенбі 11.01.2023	Бейсенбі 12.01.2023	Жұма 13.01.2023
Балаларды қабылдау	«Бауырсақ» Мақсаты : Ертегілер көргеннен кейін әсерлерімен бөлісуге өз ойын айтуға үйрету, түрлі заттардың суретін салуда негізгі түстері қолдану. (сөйлеуді дамыту, сурет салу) (коммуникативтік-шығармашылық дағдыларды дамыту)	«Табиғат бұрышына саяхат» Мақсаты : Ауа райының жағдайын анықтау, ойыншықтарды қолданып ойнату. (қоршаған ортамен таныстыру, құрастыру, әлеуметтік, шығармашылық эмоционалды дағдыларды дамыту)	Әңгімелесу: «Бөлме гүлдері» Мақсаты : өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыруды жалғастыру, түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді мазмұнын түсіну. (қоршаған ортамен таныстыру, музыка****әлеуметтік, шығармашылық дағдыларды дамыту)	Көңілді аспаптар Мақсаты : аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесіп отырып бірге ән айту. суреттерді, заттарды құрастыруда өз ойын айтуға үйрету (музыка****, сөйлеуді дамыту шығармашылық, коммуникативтік дағдыларды дамыту)	«Қуыршақтың көйлегі» Мақсаты: Бір заттың суретін саулуда қызғылт. Көгілдір, сұр қолдануға үйрету. би қимылдарына өз бетінше орындауына мүмкіндік беру (Сурет салу, музыка**** шығармашылық дағдыларды дамыту.)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаларды ауа-райына сай киіндіру туралы кеңес беру.	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру туралы ата-аналармен жеке әңгімелесу.	Баланың қауыпсіздігі туралы айту. Баламен көп сөйлесу.	Пікірлесу: «Балаңыз қандай көмекші?»	Демалыс күндері қараусыз қалдырмауды тапсыру
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу	Дидактикалық ойын: «Не қайда тұр?» Мақсаты: жануарлар арқылы кеңістікті бағдарлауға үйрету, жануарлар	Ойын жаттығу: «Бір сөзбен ата» Мақсаты : Дауысты (а, ә, ...) дыбыстарды анық айту, қазақ тіліне тән	Дидактикалық ойын: «Жабайы жануарлар» Мақсаты: Сөздік қорды жалпы жабайы жануарлары бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, бірнеше	Әңгімелеу «Үш торай» Мақсаты: Шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу.	Кітап бұрышындағы ойындар Мақсаты : Суреттерді қарастыруда ө ойын айтуға үйрету, Кітаптарға

<p>әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>туралы білімдерін бекіту. (математика негіздері,қоршаған ортамен таныстыру-танымдық,әлеуметтікэмоционалдық дағдыларды дамыту)</p>	<p>(ә)дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға жалғастыру. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі***-коммуникативтік дағдыларды дамыту)</p>	<p>бөліктерді созу,қысу біріктіру арқылы жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру, (сөйлеуді дамыту,мүсіндеу - коммуникативтік, шығармашылық дағдыларды дамыту)</p>	<p>Ертегілерді өздігінен қайталап айтуға баулу. (Көркем әдебиет , қазақ тілі***- коммуникативтік дағдыларды дамыту)</p>	<p>ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу..Бірнеше бөліктерді созу, арқылы жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту,қоршаған ортамен танысу,мүсіндеу-коммуникативтік, шығармашылық ,әлеуметтік дағдыларды дамыту)</p>
<p>Таңертенгі жаттығу</p>	<p>Қаңтар айына арналған таңертенгі жаттығулар кешені №5 (тәрбиешінің нұсқауы бойынша) физикалық қасиеттерін дамыту) Жүру,жай жүру,қолды белге қойып,аяқтың ұшымен жүру,жүгіру,әртүрлі бағыта жүру,жүгіру,шеңбер болып тұру. 1.Б .қ.аяқтың арасы ашық,қол томенде 1.Қолды алға созу 2-қолды айкастыру, 3-б,қ оралу4-5 рет қайталау 2.Б .қ.аяқтың арасы ашық қол томенде 1.Қолды жоғары көтеріп ,2-оңға қарай сермеу, 3-солға қарай сермеу 4-б.қ оралу рет қайталау 3.Б .қ. аяқты арасы ашық,қол томенде 1-отыру, 2-орнынан тұрып,қолды жоғары көтеру, 3-б.қ оралу 4-5рет қайталау 4.Б .қ аяқты алмастыру секіру7-8 секунд Еркін тыныс алу жаттығулары Құралсыз (қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті)</p>				
<p>Таңғы ас</p>	<p>Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру нанды үгітпеу,тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу,үстел басында дұрыс отыру.</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Д/ ойын:«Түлкі» Мақсаты: Ересектермен бірге ертегілерді ойнау.. Бірнеше бөліктерді созу,қысу арқылы жануарларды мүсіндеу .,құрастырған құрылыспен сюжетті қолданып ойнату.(көркем</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Қасқыр мен жетілақ» Мақсаты:балалармен кейіпкерлердің әрекеттерін талқылау, жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру,музыканың басталу мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау.</p>	<p>«Ойыншықтар әлемі» Мақсаты:Ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу,түрлі заттардың суретін салуда көгілдіртүсті,қолдануды үйрету.(қоршаған</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Үй жануарының төлдері» Мақсаты :Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту.Берілген тапсырма бойынша қағазға жапсыру,бір заттың суретін салуда қара,ақ негізгі түстер мен қолдануды үйрету. (қоршаған ортамен таныстыру, жапсыру,сурет</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Кіші заттарды тап» Мақсаты :Бірдей заттарды салыстыру,биіктігі бойынша биік аласа, бірдей,үлкен кіші сөздермен белгілеу.қағаз бетіне көлемі,пішіні бойынша дайын пішіндерді</p>

	әдебиет, мүсіндеу құрастыру – коммуникативтік шығармашылық дағдыларын дамыту)	(көркем әдебиет, мүсіндеу, музыка****- коммуникативтік, шығармашылық дағдыларды дамыту)	ортамен таныстыру, сурет салу, әлеуметтік эмоционалды, шығармашылық дағдыларды дамыту)	салу, әлеуметтік эмоционалды, шығармашылық дағдыларды дамыту)	ретікпен қағазбен жапсыру. (математика негіздері, жапсыру, танымдық, шығармашылық дағдыларды дамыту)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет		<p>Дене шынықтыру ЖДЖ</p> <p>1. Қолдарын қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату; шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше; тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеруге жаттықтыру.</p> <p>НҚЖ:</p> <p>2. Бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр) бойымен жүру.</p> <p>Ілініп тұрған затқа қолды тигізіп, тұрған орнынан жоғары секіруге үйрету.</p> <p>1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне, заттардың арасымен домалату.</p> <p>Қимылды ойын: «Қоян мен түлкі»</p> <p>Мақсаты: Қимылдарды үйлестіруге баулу.</p>	<p>Қазақ тілі «Кімге не қажет?»</p> <p>Мақсаты тұрмыстық заттардың атауларын айту.</p>	<p>Дене шынықтыру ЖДЖ</p> <p>1. Қолдарын қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату; шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше; тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеруге жаттықтыру.</p> <p>НҚЖ:</p> <p>2. Бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр) бойымен жүру.</p> <p>Ілініп тұрған затқа қолды тигізіп, тұрған орнынан жоғары секіруге үйрету.</p> <p>1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне, заттардың арасымен домалату.</p> <p>Қимылды ойын: «Қар лақтыру»</p> <p>Мақсаты: Қимылдарды үйлестіруге баулу</p> <p>Музыка Музыка тыңдау. “Сұр қоян” (И Нүсіпбаев) Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай</p>	<p>Дене шынықтыру ЖДЖ</p> <p>1. Қолдарын қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату; шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше; тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеруге жаттықтыру.</p> <p>НҚЖ:</p> <p>2. Бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр) бойымен жүру.</p> <p>Ілініп тұрған затқа қолды тигізіп, тұрған орнынан жоғары секіруге үйрету.</p> <p>1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне, заттардың арасымен домалату.</p> <p>Қимылды ойын: «Мысық пен тышқан»</p> <p>Мақсаты: Қарапайым ережелерді сақтауға</p>

				<p>білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.</p> <p>Дауыс жаттықтыру: “Тик-так”</p> <p>“Ән айту: “Аңдар айтысы”(Р.Наурызбаева)Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. “Ғажайып үйшік” Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау.Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру Музыкалық аспаптарында ойнау. “ Үрмелі аспаптар ” Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруді жалғастыру</p>	үйрету.
2-таңғы ас	Адамдардың денсаулығына пайдалы көкөністерді, жемістер, сүт өнімдері туралы түсініктерді қалыптастыру.				
Серуенге дайындық	Өз бетінше киіну, киімдерін жинау, ілу өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. (сөйлеуді дамыту, өзіне өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	1.Қардың қасиетін бақылау.	1.Қарұлпаларының ұшқындарын	1.Ауарайын бақылау. Мақсаты: Табиғат	1.Қарды бақылау. Мақсаты: Қыс мезгіліндегі	1.Суық желді бақылау. Мақсаты: Ауа райының

	<p>Мақсаты :қыс мезгілдеріндегі құбылыстарды бақылау. (Қоршаған ортамен таныстыру әлеуметтік эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру) 2.Еңбек:өзінің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. (еңбеке баулу) 3. Қимылды ойын: «Ұстап ал» Мақсаты :қимылды ойындарға баулу,балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйрету. (Дене шынықтыру **) 4.Жеке жұмыс: Қарды жұмырлап,қатты қысу. 5.Еркін ойындар: Балаларды еркін ойын кезінде тәрбиешінің қадағалауымен ойнау.</p>	<p>бақылау. Мақсаты :Ауа райының жағдайын анықтау,табиғат құбылыстарын бақылау. (Қоршаған ортамен таныстыру әлеуметтік эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру) 2.Еңбек:аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. (еңбеке баулу) 3. Қимылды ойын: «Үйсіз қалған қоян» Мақсаты :қимылдарды орындауда балалардың дербестігін,белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. (Дене шынықтыру **) 4.Жеке жұмыс: Екі аяқпен бірдей қарлы жолмен секіру. 5.Еркін ойындар: Балаларды еркін ойын кезінде тәрбиешінің қадағалауымен ойнау.</p>	<p>құбылыстарын бақылау (Қоршаған ортамен таныстыру әлеуметтік эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру) 2.Еңбек:Балаларды ойыншықтарды жинауға тәрбиелеуге баулу. Мақсаты:Балаларды тазалыққа еңбекқорлыққа тәрбиелеу, (еңбекке баулу) 3.Қимылды ойын: Шанамен сырғанау. Мақсаты:Шанамен бір бірін сырғанату;биік емес төбеден сырғанау. (Дене шынықтыру**) 4. Жеке жұмыс: «Қанша болғанын табайық» Мақсаты:Алып шыққан ойыншықтармен жеке және топтық ойын «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарын қою арқылы санау, салыстыру дағдыларын дамыту. (математика негіздері.танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту) 5.Еркін ойындар: Балаларды еркін ойын кезінде тәрбиешінің қадағалауымен ойнау.</p>	<p>ауа райының жай күйін бақылау. (Қоршаған ортамен таныстыру әлеуметтік эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру) 2.Еңбек:Ауладағы тазалыққа қарау Мақсаты:Ересектерге көмек көрсету ниетерін қабылдау. (еңбеке баулу) 3.Қимылды ойын: «Кім жылдам» Мақсаты :Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамшылдық,дербестік танытуға баулу. (Дене шынықтыру **) 4.Жеке жұмыс:Рабмяға апта күндерін айтқызу .Өзінің ойын ашық толық жеткізу. 5.Еркін ойындар:Балаларды еркін ойын кезінде тәрбиешінің қадағалауымен ойнау.</p>	<p>жағдайын анықтау (Қоршаған ортамен таныстыру әлеуметтік эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру) 2.Еңбек:Ойын аланын таза ұстауға,жинауға балаларға қолдау көрсетуге баулу. Мақсаты: Балаларды еңбек етуге деген оң көзқараста тәрбиелеу,берілген тапсырманы жауапкершілікпен қарауға үйрету. 3. Қимылды ойын: «Құрсау» Мақсаты: Доптармен секіргіштермен,құрсаула рмен ойындарды балалардың белсенділігін дамыту (Дене шынықтыру **) 4.Жеке жұмыс: Сурет бойынша әңгіме құрастыруға дағдыландыру,сөздік қорларын дамыту. 5.Еркін ойындар: Балаларды еркін ойын кезінде тәрбиешінің қадағалауымен ойнау.</p>
Серуеннен	Өз бетінше киіну,киімдерін жинау,ілу өзінің сыртқы келбетін қадағалау әдетке айналдыруға баулу(сөйлемді дамыту,өзін өзі қызымет				

оралу	ету дағдылары,ірі және ұсақ маториканы дамыту) Мақсаты :Музыканың басталу мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орнату. (музыка****)				
Түскі ас	Балаларды ұқыптылыққа,тазалыққа баулу. Тамақтану алдында қолын жууға дағдыландыру.Қол орамалдарын пайдалана білуге үйрету.Тамақтану әдебін сақтауға үйрету.				
Күндізгі ұйқы	Өз бетінше киіну мен шешіну,киімдерін жинау,ілу.(өзін өзі қызымет ету дағдылары,ірі және ұсақ маториканы дамыту)				
Біртіндепұйқыд анояту, сауықтырушаралары	Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып,шынықтыру шараларын жүргізу жаттығулары мен массаж жасау.				
Бесін ас	Тамақтанар алдында дәретханаға барғанан кейін,қолдарын жууға дағдыландыру.Тамақтану әдебін сақтауға үйрету.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Сюжеттік рөлдік ойыны «Отбасы» Мақсаты: сөздерді байланыстырып, сөз тіркесін құрастыруға (зат есім және етістік)үйрету,дайын пішіндерді белгілі ретітілікпен орналастыру. (Қазақ тілі *** жапсыру, коммуникативтік ,шығармашылық дағдыларды дамыту)	Вариативтік компонент. «Ертегі бізде қонақта» Тақырыбы. Екі әтеш ертегісі (әнгімелесу түсіндіру) Мақсаты: Ертегі мазмұнын түсіндіру.Сөйлеуге, әнгімелей білуге үйрету.Балалардың ертегі желісі арқылы адамгершілікке тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Тез тап» Мақсаты :Заттарға қосу немесе затардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру.Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату, бірнеше тәсілдер арқылы мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. (математи	Үстел үсті ойыны «Пішіндер» Мақсаты: Шаршы фигураларды таныстыру,пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді қағаз бетіне орналастыр,сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. (математика негіздері,жапсыру,құрастыру, танымдық ,шығармашылық дағдыларды дамыту)	Дидактикалық ойын: «Алдында, артында» Мақсаты :өзінің дене мүшелерін бағдарлау,берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, заттардың суретін салуда қызғылт түсті қолдануды үйрету. (математика негіздері,жапсыру,сурет салу. танымдық,шығармашылық дағдыларды дамыту)	« Маша мен аю» Мақсаты: Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың салдарын талқылау.сұрақтарға жауап беруге,өздігінен айтуға баулу.сюжеті ойыншықтарды қолданып айту (Көркем әдебиет,қазақ тілі***,құрастыру коммуникативтік,шығармашылық дағдыларды дамыту.)

		ка негіздері, құрастыру, мүсіндеу танымдық, шығармашылық дағдыларды дамыту).			
Балалармен жеке жұмыс	Айзереге негізгі түстерді дұрыс айтуға дағдыландыру	Анисаға заттарды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру	Нарұлға жұмысты ұқыпты жасауға тәрбиелеу	Төрегелдіге «бір» «көп» ұғымдарын ажыратуды үйрету	Батыханға тең және тең емес заттар тобын салыстыруға үйрету
Серуенге дайындық	Өз бетінше киіну, киімдерін жинау, ілу өзінің сыртқы келбетін қадағалау әдетке айналдыруға баулу (сөйлемді дамыту, өзін өзі қызымет ету дағдылары, ірі және ұсақ маториканы дамыту)				
Серуен	1. Қардың қасиетін бақылауды жалғастыру Мақсаты: қыс мезгілдеріндегі құбылыстарды бақылау. (Қоршаған ортамен таныстыру - әлеуметтік эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру) 2. Қимылды ойын: «Қарағайлы ормандағы аю» Мақсаты: жылдамдықта ептілікті тәрбиелеу (Дене шынықтыру)**)	1. Қарұлпаларының ұшқындарын бақылауды жалғастыру Мақсаты: Ауа райының жағдайын анықтау, табиғат құбылыстарын бақылау. (Қоршаған ортамен таныстыру - әлеуметтік эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру) 2. Қимылды ойын: «Паравоз» Мақсаты: қарапайым ережелерді сақтауға, үйрету (Дене шынықтыру)**)	1. Ауа-райын бақылауды жалғастыру Мақсаты: Табиғат құбылыстарын бақылауды жалғастыру (Қоршаған ортамен таныстыру - әлеуметтік эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру) 2. Қимылды ойын: «Қасқыр мен лақтар» Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа ептілікке тәрбиелеу (Дене шынықтыру)**)	1. Қарды бақылауды жалғастыру. Мақсаты: Қыс мезгіліндегі ауа райының жай күйін бақылауды жалғастыру (Қоршаған ортамен таныстыру - әлеуметтік эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру) 2. Қимылды ойын: «Ақ қоян» Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа ептілікке тәрбиелеу. (Дене шынықтыру **)	Суық желді бақылауды жүргізуді жалғастыру Мақсаты: Ауа - райының жағдайын анықтау (Қоршаған ортамен таныстыру - әлеуметтік эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру) 2. Қимылды ойын: «Ұшты ұшты» Мақсаты: қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігін дамыту (Дене шынықтыру **)
Серуеннен оралу	Өз бетінше киіну мен шешіну, киімдерін жинау, ілу. (өзін өзі қызымет ету дағдылары, ірі және ұсақ маториканы дамыту)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды	Дидактикалық ойын: «Көлік»	«Ойыншықтар әлемі» Мақсаты: Әртүрлі	Суретті кітапшамен жұмыс Мақсаты: Суретін салуда	Дидактикалық ойын: «Ойлан тап» Мақсаты: суреттерді	Кітаптарды қарату. Мақсаты: қарапайым ертегілерді салдарын

<p>ойындар, үстел - үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Мақсаты: Құрастырған ойыншықтарды қолданып ойнату. (құрастыру - шығармашылық дағдыларын дамыту)</p>	<p>ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету. (қоршаған ортамен таныстыру – әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру.</p>	<p>қызғылт түсті қолдануды үйрету .(сурет салу - шығармашылық дамыту)</p>	<p>құрастыруда өз ойын айтуға үйрету. (сөйлеуді дамыту - коммуникативтік дағдыларды дамыту)</p>	<p>таныстыру. (Сөйлеуді дамыту - коммуникативтік дағдыларын дамыту)</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы</p>	<p>Балалардың жетістігі туралы әңгімелесу, ата-аналардың бала тәрбиесі мен дамуына қатысты сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.</p>				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: № 35 «Балақай» бөбекжай-бақшасы

Топ: «Балақай» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: Қаңтар айы III-апта 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 16.01.2023	Сейсенбі 17.01.2023	Сәрсенбі 18.01.2023	Бейсенбі 19.01.2023	Жұма 20.01.2023
Балаларды қабылдау	Сюжеттік – рөлдік ойын: «Қуыршақты тамақтандырайық» Мақсаты: Өртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету (қоршаған ортамен таныстыру-әлеуметтік эмоционалды дағдыларын қалыптастыру)	Табиғат бұрышына сахат Мақсаты: қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстарын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру. (әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)	Жаңылтпаш айту Шеше шеше Неше кесе сынды Кеше. Мақсаты: жаңылтпаштарды айтуды үйрету. (сөйлеуді дамыту, коммуникативтік дағдыларын дамыту).	Дидактикалық ойын: «Қуыршақ Айгулге қонаққа барамыз» Мақсаты: Өртүрлі заттар ойыншықтар, кітаптарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. (қоршаған ортамен таныстыру, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)	Ойын жаттығу: «Қуыршақты тамақтандырайық» Мақсаты: құрастырған құрлыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. (құрастыру-шығармашылық дағдыларды дамыту)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен сұхбат: Ата-аналарға күнделікті тәртіпті сақтауды ескерту;	Ас үйдегі заттармен таныстыру. үй жағдайында ыдыстарды дұрыс қолдану керектігін айту.	Балаларды ауа-райына сай киіндіру туралы кеңес беру	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру туралы ата-аналармен жеке әңгімелесу.	Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Өлең шумақтарын жаттату. Тақырыбы: «Кесе» Қолға кесе аламыз, Кесеге шәй құямыз. Шәй ыстық үф-үф деп үрлейміз, Шәйден барлығымыз ішейік. Мақсаты: 3 дауыссыз	Үстел үсті ойыны «Қай сурет артық?» Мақсаты: Дауысты (а, ә, ө) дыбыстарды анық айту, қазақ тіліне тән (ә) дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға жалғастыру. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі***	Сюжетті рөлдік ойын: «Ыдыстар дүкені» Мақсаты: ыдыстарды ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу, бірнеше бөліктерді біріктіру арқылы мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру (қоршаған ортамен таныстыру, мүсіндеу әлеуметтік	Дидактикалық ойын «Өсімдіктер әлемі» Мақсаты: Тірі табиғат нысандарын бақылау кезінде өз ойын айтуға үйрету. бірнеше бөліктерді созу, арқылы өсімдіктерді мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Әннің мазмұнын түсіну	Жұмбақтар Аяғы жоқ, қарны тоқ, Құлағы бар, басы жоқ. (қазан) Мақсаты: ыдыстарды ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу, сурет салуда түстер мен олардың ренктерін қолдануды үйрету. Ұстау және көру тәсілдері арқылы

